

Xiaomi Mi Smart LED Bulb ақылды шамы

Пайдаланушы нұсқаулығы




Қолданар алдында осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Оны сақтаңыз, сізге болашақта қажет болуы мүмкін.

Орнату жөніндегі нұсқаулық

01 Шамды орнату

Шамды үйлесімді фитингке орнатыңыз.



Ескерту.

1. Шамды орнатқан, шығарған немесе тексерген кезде қуаттың өшірілгеніне көз жеткізіңіз.
2. Өнімге зақым келтірмеу үшін оны диммерлері бар шамдарға орнатпаңыз (мысалы, дөңгелек жарықтылық реттегіші бар үстел шамдарына).
3. Өнімді ылғалдылығы жоғары бөлмелерде пайдаланбаңыз.
4. Шамды желдету қиын болатын тар шамшырақтарға орнатпаңыз, өйткені бұл сигналдардың өтуін нашарлатуы немесе жылуды кетіру проблемаларына әкелуі мүмкін.

02 Mi Home / Xiaomi Home қосымшасына қосылыңыз

Өнім Mi Home / Xiaomi Home* - мен жұмыс істейді. Құрылғыны басқарыңыз және осы қосымшадағы басқа үй құрылғыларымен өзара әрекеттесіңіз.

Қосымшаны жүктеу және орнату үшін QR кодын сканерлеңіз. Егер қосымша орнатылған болса, сіз қосылым баптаулары бетіне қайта бағытталасыз немесе бағдарламаны жүктеу және орнату үшін App Store дүкенінен «Mi Home / Xiaomi Home» іздеңіз. Mi Home / Xiaomi Home қосымшасын ашып, жоғарғы оң жақтағы «+» батырмасын басыңыз. Құрылғыны қосу нұсқауларын орындаңыз.

* Еуропада қосымша «Xiaomi Home» деп аталады (Ресейден басқа). Сіздің құрылғыңызда көрсетілген қосымша атауы әдепкі бойынша қабылдануы керек.



Ескерту: қосымша нұсқасы жаңартылуы мүмкін. Қосымшаның ағымдағы нұсқасына арналған нұсқауларды орындаңыз.

Өнім ерекшеліктері



Wi-Fi желісіне қосылу
(шоғырлағышсыз)



Дауысты басқару



Жарықтығын реттеу
(40-810 лм)



Энергия үнемдеу



Ақылды байланыс



Ұзақ қызмет мерзімі



Қосу және өшіруді жоспарлау



Қосымша арқылы ақылды басқару

Зауыттық баптауларды қалпына келтіру

Қосқышты пайдаланып, шамды 5 рет кезекпен қосыңыз және өшіріңіз. Өр бұрылудан екі секунд өткеніне көз жеткізіңіз. Шам бес секунд баяу жыпылықтап, содан кейін қайта іске қосылса, ол зауыттық баптауларға сәтті қалпына келеді. Ескертпе: шамды жаңа желіге қосқан кезде алдымен оны зауыттық баптауларға қалпына келтіріңіз.

Ескерту

1. Өнімді қолданар алдында ток көрнеуі өнімнің жұмыс көрнеуіне сәйкес келетініне көз жеткізіңіз. Көрсетілген кернеуді сақтамау бұзылулар мен жарақаттарға әкелуі мүмкін.
2. Өнімді бөлшектенмеңіз, өйткені жарық диодтары көзге зиян тигізуі мүмкін.
3. Шам жұмыс кезінде қызады. Егер ол тар шамда орнатылған болса, оны ұзақ уақытқа қоспаңыз. Шығарылған жылуды кетіру үшін жеткілікті ауа ағынын қамтамасыз етіңіз.

4. Тек үй-жайларда пайдалану үшін.
5. Электр тогының соғуын болдырмас үшін орнатпас бұрын қуатты өшіріңіз.
6. Өнімнің сумен тікелей байланыста болуына жол бермеңіз.
7. Шамдарды ауыр шамдармен ауыстыру шамдалдардың тұрақтылығын төмендетуі, шамның патрондағы бекітілуін нашарлатуы, сондай-ақ оның жұмысына теріс әсер етуі мүмкін екенін ескеріңіз.

Техникалық сипаттамалары

Үлгісі: XMBGDP01YLK.
Патрон: E27.
Номиналды қуаты: 8 Вт.
Жарық ағыны: 810 лм.
Номиналды қуат тұтынуы: 220-240 В-50/60 Гц 0,04 А.
Түс температурасы: 2700 к.
Сымсыз қосылу: Wi-Fi IEEE 802.11 b/g/n, 2,4 ГГц.
Өмір сүру ұзақтығы: шамамен 25 000 сағ.
Жұмыс температурасы: -10 - +40 °С.
Жұмыс ылғалдылығы: 0% - 85%.
Жұмыс жиілік диапазоны: 2412-2472 МГц.
Максималды шығыс қуаты: 55 мВт.
Өлшемдері: φ60 x 116 мм.

Монтаждау, сақтау, тасымалдау (тасу), өткізу және кәдеге жарату қағидалары мен шарттары

- Құрылғы ешқандай монтаждауды немесе тұрақты бекітуді қажет етпейді.
- Құрылғы ауа температурасы 5 °С-тан 40 °С-қа дейін және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80% - дан аспайтын өндіріш мен тұтынушының жылылатын үй-жайларындағы қаптамада сақталуы тиіс.
- Үй-жайларда коррозия тудыратын агрессивті қоспалар (қышқыл булары, сілтілер) болмауы тиіс.
- Құрылғыны тасымалдау құрғақ ортада жүзеге асырылуы тиіс.
- Құрылғыны өткізу жергілікті заңнамаға сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Құрылғының ақаулығы анықталған жағдайда дереу уәкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз немесе құрылғыны кәдеге жаратыңыз.
- Өнімнің пайдалану мерзімі аяқталғаннан кейін оны әдеттегі тұрмыстық қалдықтармен бірге тастауға болмайды. Керісінше, оны федералдық немесе жергілікті заңдарға сәйкес қайта өңдеуге және жоюға арналған электрлік және электронды жабдықты тиісті қабылдау орнына тапсыру керек.

Кепілдік міндеттемелер

Өндіріш кепілдік мерзімі ішінде құрылғының үздіксіз жұмыс істеуіне, сондай-ақ материалдар мен жиынтықта ақаулардың болмауына кепілдік береді. Кепілдік мерзімі өнімді сатып алған сәттен бастап есептеледі және тек жаңа өнімдерге қолданылады. Кепілдік қызмет көрсетуге өнімді пайдаланушының нұсқаулығына сәйкес пайдалану шартымен кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсіз істен шыққан элементтерді тегін жөндеу немесе ауыстыру кіреді. Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру уәкілетті қызмет көрсету орталықтарының аумағында жүргізіледі.

Қызмет көрсету орталықтарының өзекті тізімі мына мекенжай бойынша ала аласыз:
<https://www.dns-shop.ru/technical-support/>



Қосымша ақпарат

Өндіруші:
Циндао Еелинк Информэйшн Тэктолоджи Ко., Лтд.
10F-B4, B ғимараты, Циндао халықаралық инновациялық паркі, Кэюань Вэйи тас жолы №1, Лаошань ауданы, Циндао қ., Шаньдун пров., Қытай.
Қытайда жасалған.

Импортер / юр. лицо, принимающее претензии в Казахстане:
ОО «ДНС КАЗАХСТАН», г. Нур-Султан, р-н Сарыарқа, пр-т Сарыарқа, зд. 12, Казахстан.
Импортерушы / Қазақстанда шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:
«DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы, Даңғылы Сарыарқа, ғимарат 12, Қазақстан.

Өндіруші уәкілеттік берген тұлға: «ЭРА» ЖШҚ, 127349, Шенкурский өтпе жолы, 35 үй, 101 кеңсе 1 қабат. Тауар Еуразиялық экономикалық одақтың «Электротехника және радиоэлектроника бұйымдарында кәуіпті заттарды қолдануды шектеу туралы» 037/2016 ЕАЭО ТР техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.
Өндіруші уәкілеттік берген тұлға: «ТАМОЖЕННЫЙ ЦЕНТР КАЧЕСТВА» ЖШҚ, 125080, Мәскеу қаласы, Болокочам тас жолы, 1 үй, 1 құрылыс, 5 қабат
VI үй-жай 306 бөлме 76 кеңсе
Тауар Кеден одағының техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді:
• «Техникалық құралдардың электромагниттік үйлесімділігі» КО ТР 020/2011.
• «Төмен вольтты жабдықтардың кәуіпсіздігі туралы» КО ТР 004/2011.

TM: MI.
Тауардың шығарылған күні, сондай-ақ кепілдік және пайдалану мерзімдері қаптамада көрсетілген.